

Педагог-психолог қызметінің мақсаты мен міндеттері

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу іс-әрекетінің білім беру уәждемесін, үлгерімін, шығармашылық өзін-өзі іске асыруын, психологиялық жай-күйін тұрақтандыру, бейінді өзін-өзі айқындау және басқа да қолайлы жағдайларын қалыптастыру.

Білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтауға және диагностикалауға, консультация беруге, білім беру ортасы жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мен қолдау көрсетуге, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық салауаттылығын сақтау және нығайтуды көздейді.

Білім беру ұйымының психологиялық қызметінің жұмысы 5 негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

1. Диагностикалық бағыт:

Диагностикалық бағыт оқытудың бүкіл кезеңі ішінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке және топтық қызметін, психологиялық-педагогикалық зерделеуін, олардың жеке ерекшеліктері мен бейімділіктерін, оқыту мен тәрбиелеу процесінде, өзін-өзі кәсіптік тұрғыдан айқындалуда әлеуетті мүмкіндіктерін айқындауды, сондай-ақ оқытудағы, дамудағы, әлеуметтік бейімделудегі бұзушылықтардың себептері мен тетіктерін анықтауды көздейді.

2. Консультациялық бағыт:

Консультациялық бағыт білім беру процесінде қатысушыларға көмек көрсету нысанында: олардың туындаған қиындықтардың табиғатын немесе себептерін түсінуінде, психологиялық проблемаларды талдау мен шешуде, жеке ерекшеліктерін айқындауда, жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде игеруге жәрдемдесуде; жаңа көзқарастарды қалыптастыруда және өз шешімдерін қабылдауда көмек көрсету; әртүрлі психологиялық мәселелерді шешуде; білім беру процесіне қатысушыларға тұлғааралық шешуде жеке және топтық қызметті көздейді.

3. Түзету-дамытушы бағыт:

Дамытушы (түзету) бағыт білім алушылармен және тәрбиеленушілермен жаңа білімге, дағдылар мен икемдерге қатысты уәждемені қалыптастыру, оларды игеру мүмкіндіктері, оқу және танымдық қызметте өзін-өзі көрсете алу мүмкіндіктері бойынша жеке жұмысты көздейді. Диагностика процесінде анықталған оқу қиындықтары мен баланың мінез-құлықындағы проблема; педагог-психологтың пән педагогтерімен, әлеуметтік және арнайы педагогтермен кешенді өзара іс-қимыл негізінде оқу материалын меңгертудегі қиындықтарды жеңу, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар мен

тәрбиеленушілердің психикалық және физикалық жай-күйін түзету бойынша жұмысты ұйымдастыруды қамтиды;

4.Профилактика-психологиялық ағарту: Профилактика-психологиялық ағарту ісі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтердің жеке кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына жәрдемдесуді; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқытудағы, тәрбилеу мен дамытудағы қиындықтарды болдырмау мақсатында алдағы уақытта алатын білімдерін одан әрі пайдалану үшін педагогтердің, ата-аналардың және өзге де заңды өкілдерінің психологиялық-педагогикалық білімге деген қажеттілігін қалыптастыруды және ұмтылысын қолдауды көздейді (сынып сағаттары, семинарлар, ата-аналар жиналыстары, педагогикалық кеңестер, ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер үшін интерактивті әдістер мен лекториялар өткізу);

5. Ұйымдастыру-әдістемелік бағыт:

Ұйымдастыру-әдістемелік бағыт ұйымдастыру-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізуді көздейді: білім беру және дамыту ортасының жағдайына мониторинг жүргізу, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдау нәтижелерін талдау және оны сүйемелдеу бойынша ұсынымдар әзірлеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді сүйемелдеуде пәнаралақы тәсілді әзірлеу; орта білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік сүйемелдеу бойынша отандық және шетелдік ғылым мен практиканың жетістіктерін зерделеу, семинар-практикумға, конференцияларға қатысы; білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік сүйемелдеу технологияларын меңгеру бойынша семинарлар, тренингтер мен консультациялар ұйымдастыру және өткізуді көздейді.

Мектеп психологтарының іс-шара жоспары бойынша жүргізілетін жұмыстарының есебі

2024-2025 оқу жылына арналған жалпы білім беретін Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп психологтарының жұмыс жоспары жасалып бекітілді. Іс-шара жоспарын жасау барысында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес жасақталды. Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту Министрлігінің 2022 жылдың 25 тамыздағы № 377 бұйрығы орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы бұйырықты басшылыққа ала отырып, мектепшілік бұйырық жасақталып, мұғалімдерге таныстырылды.


Жұмыс жоспарындағы іс-шаралар 5 бағыт бойынша жүзеге асырылуда. Психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық және әлеуметтік – диспетчерлік қызмет бағыттарында.

Тамыз-қыркүйек айында мектеп бойынша ерекше білімді қажет ететін оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, кесте толтырылды, 1-сынып және мектеп алды даярлық тобы ата-аналарына «Баланың мектепте оқуға психологиялық даярлық мәселелері» атты оқушылардың ата-аналарымен жеке кеңес жүргізілді.

2024-2025 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2024 жылғы 15 мамырдағы № 100 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарламасы бойынша жоспар жасақталды.

Мақсаты: білім беру үдерісіне қатысушылардың психологиялық саулығын қолдау. Жоспар бойынша оқушылармен психокоррекциялық 11 сабақ жүргізілді.

Мектеп бойынша әр отбасының әлеуметтік статусы анықталады. Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, әр сыныпта ата-аналар жиналысы өткізілген кезде, оларға мектеп тарапынан әлеуметтік көмек алу үшін қандай талаптар орындалуы керек екендігі түсіндірілді. Мектепте аз қамтылған әлеуметтік қолдауды қажет ететін балалар анықталып, оларға үлкен көңіл бөліп, мүмкіндігінше оқу құралдары мен киім-кешек беріліп отырды. Үй жағдайы тексеріліп, АКТ толырылды.



12қыркүйек 2024жылы «Өмірді сүйе білейік» атты эссе жазылды. Мақсаты: Жасөспірімдердің өз орнын табуға көмектесу, жан дүниесін байыту арқылы адамгершілікке жетелеу, жақсы қасиеттерді бала бойына дарыту, өмірге деген құштарлықтарын, қызығушылықтарын ояту мақсатында түсіндірме жұмысы жүргізілді.



16-қыркүйек күні 1-ші сынып оқушыларына арналған **«Мектепке алғашқы қадам»** атты психологиялық дамыту ойын-жаттығулар өткізілді. **Мақсаты:** жеке тұлғаның ұялу, жасқану, қорқыныш сезімдерін топ алдында ғана емес, күнделікті өмірде де арылуына көмектесу.

2024жылы 20-қыркүйек күні **«Буллинг пен Кибербуллингке қарсымыз»** атты 5-бсынып оқушыларына дәріс видео сабақтар ұйымдастырылды. Осы мақсатта 5-6 оқушыларына мектепішілік зорлық-зомбылықтың алдын алу, буллинг туралы ақпараттарын кеңейтуге арналған «Буллинг және оның алдын алу» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, «Буллинг және Кибербуллинг» тақырыбында тренингтік жаттығулар өткізіліп, бейнероликтер арқылы кеестер беріледі. Оқушыларға жұмыс барысында кез-келген адам буллингке ұшырауы мүмкін екені одан сақтану көмек сұрау керек екендігі айтылды.



26қыркүйек 2024жылы 8 «а» сынып оқушыларына **«Ашу ызаны білгенде не істеу керек»** атты коррекциялық сабақ өткізілді. Мақсаты: Тәлім алушылардың ашу-ызаға толы сезімдерін қауіпсіз күйде айтуға үйрету, Рефлексивті механизмді белсендіру.

2024жылы 4қазан күні 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б» сынып оқушыларына Н.Г.Лусканованың оқу мотивациясын анықтау сауалнамасы, **«Менің сыныбым»**, **«Бақ-бақ»** гүлі әдістемесі берілді. Мақсаты: Оқушылардың оқу процесіне қызығушылығын анықтау.

Оқу мотивациясын анықтау сауалнамасының нәтижесі

р/с	Сыныптар	Мектепке бейімділігі жоғары	Ортаңғы норма	Ішкі мотивация	Мектепке деген теріс қарым-қатынасы
1	5 «А»	19	1	-	-
2	5 «Ә»	13	2	-	-
3	5 «Б»	17	2	-	-

«Менің сыныбым» әдістемесінің нәтижесі

р/с	Сыныптар	бейімделуі жақсы деңгейде	оқу позициясына сәйкес келмейді	оқушы бала үшін мұғалімнің маңыздылығы ерекше	сынып ұжымына бейімделуінде қиындықтардың болуы
1	5 «А»	12	7	-	1
2	5 «Ә»	6	2	5	2
3	5 «Б»	9	-	1	9

«Бақ-бақ» гүлі әдістемесі бойынша оқушыларға 4-түрлі түсті түс беріледі. (қызыл түс, көк түс, сары түс, қара түс). Қызыл түс-ең қызықты өтетін сабақ, көк түс-оқуға қиын сабақ, сары түс-қызықсыз өтетін сабақ, қара түс-ұнамайтын сабақ. Осы түстері арқылы оқушының қандай пәнге қызуғышылығы бар екенін анықтайды. Нәтижесінде оқушылар өздеріне қызықты өтетін сабақтарды, қиын сабақтарды, қызықсыз өтетін сабақтарды, ұнамайтын сабақтарды белгілеген.

2024жылы 11қазан айында 1-сынып оқушыларымен мектепке дайындықты анықтау мақсатында **Керн-Йирасик** тестісі жүргізілді. **Мақсаты**-оқушылардың мектепке психологиялық дайындығымен мектеп өміріне бейімделуін байқау. 1-сыныптардан оқушы сынақтан өтті. Сынақ қорытындысы бойынша оқушылардың мектепке психологиялық дайындығымен мектеп өміріне бейімделуін төмендегі кестеден байқауға болады. Мектепке психологиялық дайындығы әліде болса жеткіліксіз болған оқушылардың ата-аналарына сынып жетекшілер тарапынан кеңес берілді. Олардың күн тәртібін ұйымдастыру. Білімге деген құштарлығын ояту.

1 «А», «Ә», «Б», «В» сынып оқушыларының мектепке жетілкендігін, балалардың нәзік қимыл әрекеттерінің үйлесімділігі, үлгі бойынша тапсырманы орындай алатындығын анықтау мақсатында «**Керн-Йирасек**» әдістемесі алынды. Әдістеме алу барысында оқушылардың көңіл күйлері жақсы болды. Әдістеме нәтижесі төмендегідей:

1 «А» сынып 26-оқушы

Оқу деңгейі жоғары – 70%

Оқу деңгейі орташа – 23%

Оқу деңгейі төмен -7%



1 «Ә» сынып 26-оқушы

Оқу деңгейі жоғары – 53%

Оқу деңгейі орташа – 38%

Оқу деңгейі төмен -7%




1 «Б» сынып 25-оқушы

Оқу деңгейі жоғары – 48%

Оқу деңгейі орташа – 32%

Оқу деңгейі төмен -2%



1 «В» сынып

Оқу деңгейі жоғары – 62%

Оқу деңгейі орташа – 29%

Оқу деңгейі төмен -7%



2024 жыл 18қазан күні 9 – 10 – 11 сынып оқушыларына № 4 Қалалық емхананың акушеркасы А.Бекмуханбетова , мектеп медбикесі С.Ғалымжанова, мектеп психологы С.Махмутова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Жамбырова, педагог ұйымдастырушы М.Сейтова

«Ерте жүктіліктің алдын алу» мақсатында қыздар жиналысы өткізілді. Жиналысқа 70 оқушы қатысты.

Жиналыстың мақсаты: Ерте жүктіліктің алдын алу мәселесін түсіндіру және қыз балалардың бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, инабаттылық, ептілік, кішіпейілдік сияқты ұлттық қасиеттерін таныту. Атырау облысының № 4 емханасының акушеркасы А.Бекмухамбетова қыз балаларға дәріс оқыды. Қазіргі қоғамдағы қыздар арасындағы жат қылықтар туралы және оқушы қыздар арасында 13 – 18 жас аралғында ерте жүктілік көп кездесіп жатқандығын, кешке жақын көшеде сағат 20-00 ден кейін шықпау, және күндерді өткізбеу, қыз бала туысқандар болсада үйіне қонбау керектігі ескертіліп айтылды. Акушердің түсіндіруінше, қыз балалардың дене мүшелері 18 жасқа дейін қалыптасып, өседі. Ағза толық жетілмеген кезде жыныстық қатынасқа түсу де, жүкті болып қалып, босануы да өте ауыр болады, денсаулығына зиянын түсіреді. Ерте жүкті болып қалған қыздарда жиі кездесетін аурулар: аяқтың күп болып ісінуі, қан қысымының көтерілуі, ашуланғыштық, жүйке күйзелісі, ұйқысыздық пайда болады. Акушерге қыз балалар тарапынан түрлі сұрақтар қойылып, өз жауаптарын алды.



23қазан 2024ж Жасөспірімдер арасындағы «Буллинг, Кибербуллинг»келеңсіз жағдайлардың алдын алу атты ата-аналармен кеңес жүргізілді. Мақсаты: Ата-анамен баланың арасындағы қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Ата-аналардың жанұядағы бала тәрбиесіне жауапкершілігін арттыру.

2024жылы 24қазан күні 8 «ә» сынып оқушыларына «Қауіпті жағдайлар Сыпайы бас тарту» Мақсаты: Қауіптен бас тартқан жағдайдағы әлеуметтік дағдыларды дамыту, бақылау және өзін-өзі қадағалау сәттеріндегі дағдыларды дамыту, қарым-қатынастың вербальды және басқа құралдарды дамыту, әлеуметтік ықтимал қауіпті жағдайларды айыры білу қабілеттерін қалыптастыру, әлеуметтік қауіп жағдайларындағы іс-әрекет амалдары туралы көріністерді дамыту.



31қазан 2024жылы «Жас маман-ертеңгі білікті ұстаз» атты жас мамандарға семинар тренинг өткізілді. Жас маманға өзін-өзі тәрбиелеуге, бейімділіктерін дамытуға үйрету, рухани адамгершілікке тәрбиелеу.

Жаңа технологияны үйренуге, меңгеруге баулу. Жас мамандардың мотивациясын арттыру.

6-8 қараша 2024жылы аралығында 7-8сынып оқушыларға Темперамент типін анықтау атты тест жүргізілді. Темперамент –жүйке саласының тума қасиеттерінен туындайтын адамның жеке дара өзгешілігі. Темпераментті анықтау тесттің кілті



Қай нұсқаның балы көп болса, сол темперамент иесінің көрсеткіші
 Әр нұсқаға «1» ұпай беріледі.

А) Холерик – (Ыстыққанды)-15

Б) Сангвиник – (Жеңілқанды)-49

В) Флегматик – (Суыққанды)-50

Г) Меланхолик – (Ауырқанды)-25



13қараша 2024жылы мектеп оқушыларына «Ғаламтор және компьютерлік ойындарға тәуелділік» атты түсінік жұмыстары жүргізілді. Ондағы мақсаты: оқушыларға интернет-тәуелділік әлемдік денсаулық сақтау орындарын толғандыратын қауіптердің бірі екенін түсіндіру.

21қараша 2024ж 5сыныптарға 5сынып оқушыларының орта буынға көшуімен байланысты бейімделу бағдарламасы «5сынып дегеніміз не?, «Өзіңді таны» атты дамыту жаттығулары өткізілді. Мақсаты: адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасау, адамдарға қолдан келгенше көмек беру, туыстарына және жақындарына қамқорлық көрсету, рухани-адамгершілік білім беру



26қараша 2024ж 8б сынып оқушыларына «Мен өзімді мақтай аламын» атты психокоррекциялық сабақ өткізілді. Мақсаты: Өзіне деген жағымды

(позитивті) қарым-қатынасты дамыту, рефлексия дамыту, тәлім алушылардың сенімділік сезімін көтеру.

Оқушылар осы сабақта бір-бірін қалай мақтау керекін және осы өмірде позитивті болу керек екендігін, өзіңе-өзің мейірімді, жұмсақ және шыдамды



болу, өзінді сүйю — өзінді қолдау керек екенін, өзіңнің сана-сезіміңе мейірімді болу керек екендігін үйренді.

27,28,29 қараша аралығында 8,9,10,11 сыныптарға «Спилбергер Ханин» әдістемесі жүргізілді. Мақсаты: Жасөспірімдердің жағдайға байланысты және тұлғалық қобалжуының деңгейін анықтау. Көрсеткіштерді талдауда келесі бағалаулар қолданылады: 30-баллға дейін төмен мазасыздану, 31-45-орташа мазасыздану, 46 немесе одан да көп жоғары мазасыздану.

Қатысқан оқушы саны	Сыныбы	Шәкілдер	Жоғары 46 және одан жоғары	Орта 31-45 ұпай	Төмен 30 ұпайға дейін
19	8 «А»	Ситуациялық қобалжу шкаласы	2-11,1 %	15-78,9%	1-5,2%
		Тұлғалық қобалжудың шкаласы	4-21%	15-78,9%	0-%
22	8 «Ә»	Ситуациялық қобалжу шкаласы	1-4,5%	17-77,2%	4-18,1%
		Тұлғалық қобалжудың шкаласы	7-31,8%	13-59%	1-4,5%
18	8 «Б»	Ситуациялық қобалжу шкаласы	1-5,5%	15-83,3%	2-11,1%
		Тұлғалық қобалжудың шкаласы	2-11,1%	16-88,8%	0-%
19	8 «В»	Ситуациялық қобалжу шкаласы	4-21%	14-73,6%	1-5,2%
		Тұлғалық қобалжудың шкаласы	8-42,1%	11-57,8%	1-5,2%
24	9 «А»	Ситуациялық қобалжу шкаласы	3-12,5%	17-70%	4-16,6%
		Тұлғалық қобалжудың шкаласы	3-12,5%	20-83,3%	1-4,1%
25	9 «Ә»	Ситуациялық қобалжу шкаласы	2-8,3%	12-50%	11-45,8%
		Тұлғалық қобалжудың шкаласы	3-12%	19-76%	2-8%
22	9 «Б»	Ситуациялық қобалжу шкаласы	1-4,5%	18-81,8%	3-13,6%
		Тұлғалық қобалжудың шкаласы	2-9%	20-90%	0%
21	10 «А»	Ситуациялық қобалжу шкаласы	0%	17-80%	4-19%
		Тұлғалық қобалжудың шкаласы	2-9,5%	19-90%	0-%

17	11 «А»	Ситуациялық қобалжу шкаласы	0-	13-76	5-29,4
		Тұлғалық қобалжудың шкаласы	3-17,6	13-76	1-5,8
17	11«Ә»	Ситуациялық қобалжу шкаласы	2-11,7	11-64,7	4-23,5
		Тұлғалық қобалжудың шкаласы	3-17,6	13-76,4	1-5,8

Сауалнаманың нәтижесі әрбір оқушының жауабына сай 3 критерий бойынша шығарылады. Қобалжудың жоғары деңгейін көрсетіп отырған оқушылармен сынып жетекші және психолог тарапынан жеке сөйлесілді.

2024жылдың 6-10желтоқсан аралығында 5-7сыныптарға «Зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын?» атты сауалнама жүргізілді. Сауалнаманы өткізудегі мақсат: жасөспірімдер арасындағы мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оқушының бойындағы сенімді мінез-құлықты дамыту.



17желтоқсан 2024жылы 10 «а» сынып оқушыларына «Күйзелістен қалай құтылуға болады» психокоррекциялық сабақ өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды күйзеліске қарсы тұра алуға дағдыландыру. Оқушыларға болмашы нәрсеге күйгелектену, жүйкені тоздырады, жүрекке күш түсіретіні туралы айтылды. Оқушылар жеке түсінгенін пікірлерінде айтып өтті. Тренингтен арналған әсерлерімен бөлісті.

20желтоқсан 2024жылы 11сынып оқушыларына «ҰБТ және Біз» атты психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты: оқушылардың өзін тану арқылы, өзіндік бағалауын қалыптастыру, стресті жеңуге жол көрсету, бойларына сенімділік орнату. Тренингте оқушыларға алдағы ҰБТ дан қорқынышсыз, үрейсіз, теріс эмоцияға бой алдырмауға кеңестер айтылды. Тренинг барысында оқушылар өз ойларымен бөлісіп, пікірталас жүргізді.



24желтоқсан 2024жылы 5-6 сынып оқушыларына «Социометриялық әдістемесі» өткізілді.

25желтоқсан 2024жылы 8 «в» сынып оқушыларына «Реніштен арылу» психокоррекциялық сабақ өткізілді. Мақсаты: өз-өзін ұстай білуге үйрету, басқаларға қиындық туындаған уақытта көмек көрсету мен өзгенің қайғысына, қуанышына ортақтаса алуға үйрету.



27желтоқсан күні Ерекше білім қажет ететін оқушылармен дамыту жаттығулары өткізілді.

2025жылы 10қаңтар күні 9сынып оқушыларға Дж.Холландтың «Тұлға типтерін анықтау» әдстемесі жүргізіліп,диограммаға салынды
9 «А» сыныбы **9 «Ә» сыныбы**



14қаңтар күні 2025жылы 7-8сыныптарға Э.Ховардтың «Стреске бейімділік деңгейін анықтау» атты тест жүргізілді. Қорытындысы
диограммаға салынды



8 «Б»сыныбы



8 «В»сыныбы



17қаңтар 2025жылы 11сынып оқушылармен «Мектеп бітіруші сені не аландатады?» атты суалнама жүргізілді.

Сауалнамада оқушы өзінің ҰБТ-ға дайындығы туралы жазды. Жалпы ҰБТ-ға дайындалып жүргендерін, қандай мұғалім ҰБТ-ға дайындық кезінде көмек беретінін, ҰБТ –ны ойлағанда қандай күйде болатынын, өздерінің дайындықтарын қалай бағалайтынын, қандай пәндерге сенімді сенімсіз екендерін, дайындықтарын неше балдық жүйемен бағалайтынын, ҰБТ-ға дайындалысын толықтай өз ой пікірлерін анық жазған.

21қаңтар 2025жылы 9сынып оқушыларына «Қиын жағдайларда не үйренеміз?» атты психокоррекциялық сабақ өткізілді.

31қаңтар 2025ж «ҰБТ-ға психологиялық қолдау» атты трнинг өткізілді.




Мақсаты:
Оқушыларға стрессік жағдайларды жеңе білуге және Ұлттық

бірыңғай тетілеу кезіндегі өздеріне сенімділіктерін арттыра түсуге көмектесу. Оқушыларға алдағы ҰБТ дан қорқынышсыз,

үрейсіз, теріс эмоцияға бой алдырмауға кеңестер айтылды.

5ақпан 2025ж 8 а,ә,б,в сынып оқушыларына «Сіз интернетке тәуелдісіз бе?» атты тест жүргізілді. Оқушыларға 12сұрақтан тұратын тест берілді.

Тестте оқушы өзінің интернетке тәуелділігін және тәуелсіздігін белгілейді.



Ұсыныс: Жоғары көрсеткіш көрсеткен білім алушылармен Интернет және компьютерлік ойындарға тәуелділік туралы кеңес беру. Ұйқының бұзылуы оның адам денсаулығына зияны және «Телефонға тәуелділік» видеос кеңестер беру.

12ақпан 2025жылы арнаулы бсыныпқа «Суретті аяқта» атты оқушылардың қиялын дамыту және көррекциялық әдістеме сурет жүргізілді.

14ақпан 2025жылы 9»А» сынып оқушыларына «Мамандық әлемінде» атты оқушылармен түрлі мамандықтар туралы психологиялық тренинг өткізілді. Оқушыларға түрлі мамандықтар туралы топтық жұмыстар, түрлі мамандық таңдауда қателеспей дұрыс шешім қабылдауға кеңесте айтылды.



19ақпан 2025жылы «Мамандық таңдау маңызды іс» тақырыбында 9 сынып оқушылармен түрлі мамандықтар туралы пікірлесу ұйымдастырылды. Сұрақ-жауап арқылы оқушылардың қызығушылығын тудырған мамандық белгіленді. Оқушылар бір біріне сұрақ қою арқылы шешім табуға болатыны

анықталды.

26ақпан 2025жылы «Толеранттылық деген не?» атты психокорекциялық сабақ өткізілді.



04наурыз 2025жылы 9 «Б» сынып оқушыларына «Менің мамандығым-менің болашағым» атты психологиялық тренинг ұйымдастырылды. Оқушылар мамандыққа қатысты сұрақтарға өз ойларын білдірді. Тренинг соңынан әр топ өздерінің таңдаған мамандықтары туралы ой қозғады.



17наурыз 2025жылы күні арнаулы сынып оқушыларына «Көңіл күй» зейінді дамытатын

ойын жаттығулары жүргізілді.

19наурыз 2025жылы «Пікірталас-жанжал емес», «Менің құқықтарым» атты психокоррекциялық сабақ өткізілді.

4сәуір 2025жылы 2-3сыныптарға бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін, оқу түрткісін диагностикалау әдістемесі жүргізілді.

10сәуір 2025жылы күні 4сыныптарға «Дамыту жаттығулары» жүргізілді.



17сәуір 2025жылы күні «Өзіңе сен! Сен ҰБТ-дан жеңіске жетесін» атты 11сынып оқушыларына психологиялық тренинг өткізілді. Оқушылардың бойындағы қорқыныш, қобалжуларын жеңу мақсатында түрлі тренинг-жаттығулары жүргізілді. ҰБТ нің маңыздылығы жайында толық ақпарат алып түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, оқушыларға мотивациялық кеңестер ұсынылды.

25сәуір 2025жылы күні «Ой,сезім,мінез-құлық» атты психокоррекциялық сабақ өткізілді.

6мамыр 2025жылы 7сынып оқушыларына АСППМ жүйесімен электронды түрде «Филипистің мектепте үрейлену әдістемесі» атты сауалнама жүргізілді.

Мақсаты: кіші және орта жастағы балаларда болатын мазасыздықтың түрін және деңгейін зерттеу. Соңынан оқушылардың қорытындысын автоматты түрде шығарып береді.

16мамыр күні «Өтініш және менің оған деген қарым қатынас» атты психокоррекциялық сабақ өткізілді.



25мамыр күні ұжымымыз таза ауада, табиғат аясында, кәсіби қолдау кедергіден өту, бірліктің арқасында **«Ынтымақ,бірлік, келісім-ең керегі ұжымға»** тақырыбында тембилдинг ұйымдастырылды. Мақсаты: педагогтар арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл күйден арылу, ынтымақ, бірлікте болу позитивті көңіл күй сыйлау. Қорыта келе жүргізілген психологтардың жұмысы жоспарға сай жүзеге асырылды. Жүргізілген жұмыстар уақытында қорытындыланып , желіге шығып

отырылды. Психологиялық тренингтер әдістемелер, диагностикалар іс-шаралар өз деңгейінде өтті.

Ұсыныстар

1. Психологиялық бағыттары бойынша жұмыстарын жандандыру
2. Сынып жетекшілер, әлеуметтік педагогпен, жыл бойы тығыз бірлесіп байланыста болу

Мектеп психологтары

Махмутова С.Т.

Кузенбаева Г.Б.

SWOT талдау

Күшті жақтар 1.Қолайсыз жағдайлар орын алмады 2.Буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылық тақырыбында профилактикалық жұмыстар барлық сыныптар қамтылды 3.Диагностикалық жұмыстар жоспар бойынша жүргізілді 4.Ата –аналарға,оқушыларға,сынып жетекшілерге психологиялық кеңестер берілді 5.Тренинг барысында өз ойларын ашық айту(оқушылар)	Әлсіз жақтары 1.Диагностика жүргізу барысында оқушылардың сабақта толық болмауы 2.Оқушылардың сабаққа кешігуі. 3.Ата-аналар жиналысына ата-аналардың қатысу деңгейінің төмендігі. 4.Ата-аналардың оқушыларға көп көңіл бөлмеуі 5.Оқушылардың мектептен тыс кезінде тәртіпсіздік болуы (64санат бойынша) 6.Тәжірибесі аз сынып жетекшілердің белгілі бағыттар бойынша жүргізген жұмыс нәтижесінің аз болуы.
Мүмкіндіктер 1.Ата –аналармен ҰБТ жиналысын өткізу 2.Оқушы бойындағы рухани иммунитетін нығайту мақсатында кез-келген пәнді оқытуда рухани құндылықтарды қосып отыру, рухани құндылықтар бағытында тәрбие сағаттарын, іс-шараларды көптеп өткізу, осы құндылықтарды сыныптан тыс уақытта дамыту 3.Ата-ана, мектеп, оқушы арасында іс-шараларды жандандыру 4.Сынып жетекшілердің тәжірибесі аздығынан туындайтын жағдаяттарды шешу жұмыстарын (тәжірибе алмасу, сынып жетекшілерінің белсенділігін арттыру мақсатында сынып жетекшілер арасында сайыстар ұйымдастыру, кеңес беру, тәлімгерлер тағайындау тб. шаралар) ұйымдастыру;	Қауіп- қатер 1.Көптеген қауіпті сайттардың қол жетімділігі (өз өзіне қол жұмсау) 2.Оқушының смартфон компьютерге тәуелділігі. 3.Оқушылар арасында белең алып жатқан вейп және басқа темекі өнімдерін қолдануы 4. Оқушы мен мұғалімдердің қарым-қатынасы (сауалнама нәтижесінде) 5.Өгей ата-ананың балаға көңіл аударуы 6.Жалпы отбасы құндылықтарының әлсіздігі және бала тәрбиесінде жас ата-аналар жауапкершілігінің төмендігі 7.2-3 рет отбасы құрған заңсыз некеде тұратын ата-аналар